

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 10 (862) 4 наурыз 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ БИЛІК ПАРТИЯСЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС СЪЕЗІНЕ ҚАТЫСТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев сөз басында барша қазақстандықтарды Алғыс айту күнімен құттықтады.

– Біз осындай ынтымақтың арқасында қаңтардағы қиын-қыстау күндерде мемлекетіміз бен тұтастығымызды қорғап қалдық. Тәуелсіздігімізге төнген қатердің бетін қайтардық. Сын сағатта бірлігін сақтай білген барша отандастарымызға зор ризашылық білдіреміз. Ұйымды жаңғырту туралы алқалы жиынның дәл бүгін өтуінің символдық мәні бар. Бірінші наурыз – партияның құрылған күні. 23 жыл бұрын еліміздегі ең басты саяси ұйымның негізі қаланды. Партия халықты ортақ мақсатқа жұмылдырды. Қоғамға пайдалы көптеген бастамалар көтеріп, сайлаушылардың қолдауына ие болды, – деді Президент. Мемлекет басшысы партияның келешегі жөнінде айта келіп, оның бұған дейін атқарған жұмысын ұмытуға болмайтынына, өз ісіне берілген партия белсенділерінің қажырлы еңбегіне құрметпен қарау керек екеніне тоқталды. Президент еліміздің «Жаңа Қазақстанды» құру жөніндегі ауқымды міндетті орындауға кіріскенін мәлімдеді. Алдымызда мемлекетіміздің болашақ тағдырын шешетін аса маңызды жұмыс тұр. Оны ойдағыдай жүзеге асыру үшін жаңа мақсат-міндеттерімізді айқындап алуымыз қажет. Партия барлық реформаға ұйытқы болуға тиіс.

– Саяси ұйымның атауын Аманат деп өзгерту ұсынылды. Жасыратын ештеңе жоқ, мен де бұл мәселеге байланысты пікірталасқа қатыстым. Бірнеше ұсыныс болды, соның ішінен Аманат деген атауға тоқтадық. Бұл – еліміз үшін де, ұлтымыз үшін де айрықша мәні бар киелі ұғым. Егемендігіміз, елдігіміз бен бірлігіміз, кең байтақ жеріміз – бізге бабалардан жеткен аманат. Осы қастерлі құндылықтарымызды көздің қарашығындай сақтап, болашаққа мирас етуіміз керек. Мемлекеттілік дәстүр жалғастығы, ұрпақ сабақтастығы дегеніміз – міне осы. Халқымыз ешқашан аманатқа қиянат жасамаған. Партия бұл қағидатты берік ұстанады. «Аманат» ата-бабаларымыздың келешек ұрпаққа қалдырған өсиеті деген ұғымды білдіреді. Аманат сөзінің – мағынасы терең, халқымыздың тарихы мен мәдениетінде ерекше орын алады. Ол бабаларымыз өсиет еткен тәуелсіздіктің мәңгі арман-мұраты, қуатты мемлекеттіліктің және жалпұлттық тұтастықтың, кең-байтақ Отанымыздың құндылығы ретінде сипатталады. Біз осы баға жетпес мұрамызды сақтап, нығайтуға тиіспіз. Бұл – біздің аға буын мен өскелең ұрпақ алдындағы қастерлі борышымыз. Сондықтан мен партиямызды ресми түрде Аманат деп атауды толық қолдаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президент өткен айда жүргізілген ауқымды аналитикалық жұмыстар партия қызметіне маңызды өзгерістер енгізу қажет екенін көрсетті деп атап өтті. Жоғарыда айтылған ұсыныстарды қолдай отырып, партия Төрағасы бірқатар басым міндетті айқындап берді. Оның пікірінше, ең алдымен, орталыққа тәу-

елділікті жою және партия аппаратының тиімділігін арттыру қажет.

– Партия аппаратының жұмысында бюрократияның теріс сипаттары анық көрінді. Желілік кестелер, есеп беру және қағаз жүзіндегі іс-шаралар сайлаушылармен тікелей жұмыс істеуді екінші орынға сырғытты. Жұмысқа құлшынып тұрған азаматтар өз орындарын дарынсыз функционерлерге беруге мәжбүр болды. Сондықтан орталық аппараттың филиалдармен және бастауыш партиялық ұйымдармен өзара іс-қимыл әдістерін толығымен қайта қарау қажет. Бюрократия мен қағазбастылықтан үзілді-кесілді бас тарту керек. Аймақтық филиалдар мен бастауыш ұйымдары сайлаушылармен өздігінен жұмыс істей алады және жұмыс істеуге міндетті. Орталық аппарат нұсқаушылық және «қолмен» басқару тәжірибесінен арылуға тиіс, – деді Мемлекет басшысы. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Мәжіліс пен мәслихаттардағы фракциялардың қызметін жандандыру қажет. Депутаттық фракциялар диалог алаңдарын ұйымдастыру міндетін өздеріне алып, олардың жұмыс қорытындысы бойынша нақты нәтижеге қол жеткізуі керек.

– Әлеуметтік желілер мен қала алаңдарындағы қоғамдық талқылауларды Парламент пен мәслихаттарда өткізген жөн. Бұл – аса маңызды міндет. Фракциялар депутаттық сауалдармен шектеліп қалмай, парламенттік және қоғамдық талқылаулар мен ашық пікір-сайыстарға баруға тиіс. Керек болса, Үкіметтің нақты мүшелері мен әкімдерге сенім мәселесін көтеру қажет. Барлық деңгейдегі партия депутаттарының рейтингі алдын ала дайындалған есептерге емес, нақты істер мен азаматтардың мәселелерін шешуге негізделуі керек, – деді партия Төрағасы. Мемлекет басшысы азаматтардың мүдделерін ілгерілетуді және партияның ашықтығын басты мәселе ретінде айқындады.

– Партия популизмге салынып, орындалмайтын уәде бермегені жөн. Сонда Премьер-министр мен кабинет мүшелерінен қажетті сандарды талап етуге де жол берілмейді. Егер осылай жалғаса берсе, күдік күшейіп, адамдардың партияға деген сенімі жоғалады. Ал оның партияға кері әсері тиеді. Бұндай көзбояушылықтың салдары адамдардың әлеуметтік көңіл-күйіне және ішкі саяси тұрақтылыққа ықпал етеді. Бұған, әсіресе, геосаяси тұрақсыздық жағдайында жол беруге болмайды. Сайлаушылармен кері байланысты күшейткен жөн және осы бағытта қоғамдық қабылдаулардың әлеуетін барынша пайдалану қажет, – деді Президент. Партия Төрағасы елімізді одан әрі жаңғырту үшін партияластарынан тың ұсыныстар күтетінін атап өтті. Сондықтан жалпұлттық өзекті мәселелер күн тәртібін әзірлеу үшін Қазақстанның әрбір азаматынан

тың идеялар мен ұсыныстар жинау жөнінде республикалық акция ұйымдастырған жөн. Мемлекет басшысы партияластардың ішінен сенімді адамдарды іріктеп, оларды ілгерілету ісін жалғастырып дұрыс деп санайды.

– Ашығын айтқанда, қазіргі кезде саяси менеджерлерді даярлау ісі ақсап тұр. Қазіргі жағдайда саяси басшылар түрлі мамандармен, жастармен, журналистермен, халықтың барлық өкілдерімен тіл табыса алуы керек. Мұндай адамдар ел арасында аз емес. Әлеуметтік лифтінің жоқтығы – бірден-бір кедергі. Жас әрі қабілетті мамандарға мүмкіндік бермейміз. Бұл – біздің басты кемшілігіміз. Партия құрылымында Саяси менеджмент академиясы бар. Осы академияның қызметін күшейту қажет, – деді Президент. Президент осы айтылған міндеттерді мейлінше қысқа мерзім ішінде орындау қажет екеніне назар аударды. Партия Төрағасы орталық аппаратқа жұмыс тобын құрып, партияның жаңа тұғырнамасын әзірлеуді тапсырды. Оның айтуынша, Аманат – озық ойлау мен әділдіктің, бірлік пен алға ілгерілеудің партиясы, халықтың пікірі мен ел мүддесін ескеретін азаматтарымыздың игілігі жолында қызмет ететін негізгі ұйым. Украинада болып жатқан қазіргі жағдайда осы айтылған барлық мәселенің мәні зор.

– Біздің ұстанымымыз мемлекетіміздің қауіпсіздігін, егемендігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз етуді көздейді. Біз 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының саммитін өткізген ел ретінде еуразиялық қауіпсіздіктің тұтастығы қағидатына бейілдіміз. Мен бұл туралы 10 ақпанда Мәскеуге жасаған сапарымда айттым. Біз екі мемлекетті келіссөз үстелінде ортақ тіл табысуға, уағдаластық пен келісімге келуге шақырамыз. Басқа жол жоқ. Жақсы жанжалдан жаман бітім артық. Бейбітшіліксіз даму болмайды, – деді Мемлекет басшысы. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Қазақстан, қажет болса, делдалдық қызметтермен қоса, барлық көмек түрлерін көрсетуге дайын.

– Мен Қауіпсіздік Кеңесінің бірқатар отырысын өткіздім. Санкциялық қарсылықтың бұрын-соңды болмаған шиеленісуі жағдайында Үкіметке елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету жөнінде нақты міндеттер жүктедім. Біздің экономикамыз дағдарыс жағдайында үздіксіз жұмыс істеуді қамтамасыз ету үшін санкциялық сын-қатерлерге қарсы тұруға дайын болуы керек. Алдағы қиындықтар мен сынақтардың бәріміз бірге еңсереміз деп ойлаймын. Олардың күрделілігін бағаламауға немесе асыра көрсетуге болмайды, – деді Президент. Қасым-Жомарт Тоқаев елдің қауіпсіздігі мен халықтың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға уәде берді.

www.akorda.kz

МЕЙІРІМ МЕН СҰЛУЛЫҚ МЕРЕКЕСІ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

8 Наурыз
құтты болсын!

ҚҰРМЕТТІ ӘЙЕЛДЕР ҚАУЫМЫ!

Халықаралық әйелдер күнімен менің ең жылы, шын жүректен құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Көктемнің осы керемет мерекесі барлық уақытта әйел сақтаушысы болған ең жарқын, өмірді растайтын қағидаттарды бейнелейді. Ол біздің аналарымызға, әйелдерімізге, қыздарымызға, әпкелерімізге, әріптестерімізге және пікірлестерімізге деген шынайы ризашылық сезімін оятады.

Біздің көптеген солтүстікқазақстандық әйелдеріміздің есімдері саясатта, экономикада, білім беруде, денсаулық сақтауда, мәдениет пен спортта лайықты орын алады. Ел Президенті Қ.Қ. Тоқаевтың алға қойған міндеттеріне қол жеткізуде көрсеткен баға жетпес қолдауларыңыз үшін, еліміздің және Солтүстік Қазақстан облысының дамуына қосқан үлестеріңіз үшін шын жүректен алғыс айтамын.

Алдағы жылдары өңірде жаңа балабақшалар мен мектептер, медициналық, спорттық және мәдени орталықтар салынып, саябақтар, скверлер мен бульварлар абаттандырылады.

Сіздердің қолдауларыңыздың арқасында біз міндетті түрде алға қойған мақсаттарымызға қол жеткіземіз деп сенемін!

Барлық әйелдерге шын жүректен бақыт, керемет мерекелік көңіл-күй, бейбітшілік, жақсылық пен амандық тілеймін!

Құмар АҚСАҚАЛОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

ҚЫМБАТТЫ АНАЛАР МЕН АРУЛАР!

8 наурыз аналарымызға, әжелеріміз бен қарындастарымызға, жұбайларымызға қошемет көрсетіп көктемнің ең нұрлы да жарқын мерекесі. Уақыт айғақтап отырғандай, биязы әрі сүйкімді, нәзік әрі сұлу құдай қосқан қосақтарымыз, сонымен бірге күшті де айнымас дос та бола білді. Бүгінгі таңда олар нәзік жаралған жандар ғана емес, жетістікке жеткен кәсіпкер әйелдер, кәсібилігі жоғары дәрігерлер мен мұғалімдер, құқық қорғау органдарының батыл қызметкерлері. Әйелдер әрқашан еліміздегі тұрақтылық пен ұлтаралық келісімнің негізі бола білді.

Аяулы әйелдер қауымы, ауданның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосып жүрген орасан зор үлестеріңіз үшін, қажырлы еңбектеріңіз, көрегендіктеріңіз, төзімділік пен ізгіліктеріңіз үшін шынайы ризашылығымызды білдіргім келеді. Сіздерді халықаралық әйелдер күнімен құттықтай отырып, шын жүректен татулық, жақсылық, отбасыларыңызға амандық-саулық пен өркендеу тілеймін. Жайнаған жүздеріңізді әрдайым шаттық пен күлкі нұрландыра берсін! Ең асыл армандарыңыз орындала берсін! Мерекелеріңіз құтты болсын, қымбатты арулар!

Сәрсенбай БЕКШЕНОВ,

Тайынша аудандық мәслихатының хатшысы.

ҚЫМБАТТЫ АНАЛАР!

Жер бетіндегі жақсылық, ізгілік, қайырымдылық атаулының бәрі аналарға тән қасиет. Әйел-аналардың қадір-қасиетін құрметтеп отыруды парызымыз деп білеміз. Жылы шырайлы көктемнің алғашқы мерекесі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен Сіздерді шын жүректен құттықтаймыз! 8 наурыз – аяулы аналарға тән әсемдік пен сұлулықтың, күллі әлемге шуақ шашқан мейірімнің мерекесі. Бұл мереке жалпы адамзатқа әйел затының отбасындағы рөлін айғақтатып қана қоймай, олардың қоғамдық өмірдегі белсенді қызметін көрсетеді. Бүгінгі күні қоғамымыздағы Сіздердің қажырлы еңбектеріңізбен жасалып жатқан бар ізгілік пен жақсылықтар еліміздің баянды болашағының кепілі деуге толық негіз бар. Сондықтан да, еліміздегі аналарға деген қамқорлық пен қолдау үнемі күн тәртібіндегі негізгі мәселе болып қала береді. Мемлекеттік деңгейдегі қабылданып жатқан бағдарламалар мен заңнамаларда қамтылғандай әлеуметтік тұрғыда аналарға деген шынайы құрмет пен қамқорлық басты назарда. Бүгінгі таңда әйел азаматшалар экономикамыздың барлық саласында жұмыс істеп, басшылық қызметтің де бел ортасында жүр, мәселе шешуде жауапкершілік жүгін қоса арқалап келеді. Мерекелеріңізбен ардагер аналар!

Нина ПОПОВА,

аудандық ардагерлер кеңесінің төрайымы.

ҚҰРМЕТТІ ӘЙЕЛДЕР МЕН АНАЛАР!

Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні, көктемнің жайма шуақ мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Барлығымыз үшін бұл мереке – табиғат Ана оянуының және қуаныш пен үміттің нышаны. Көктемгі күн көзінің алғашқы шуақтары сияқты, сіздер, қымбатты әйелдер, айналаңыздағы барлық тіршілік атаулыны жылытып, нұрландыра түссіздер. Жаңа ғасырдағы қазақстандық әжелер мен аналардың алдында мемлекеттің жетістіктерін арттыру және Қазақстанды тек алға жетелеуге қабілетті ұрпақ өсіру сынды ұлы міндет тұр. Сіздер бір отбасын ғана емес, бүкіл әлемді аялы алақандарыңызбен тербете алатын, адамзат баласының ары, рухы, жігерсіздер. Тәуелсіз Қазақстанымыздағы бейбіт тірлік пен бірліктің, жарқын болашаққа деген сенімнің, ізгілік пен мейірімділіктің ұйытқысы да өздеріңіз.

Қымбатты әйелдер! Сіздердің даналықтарыңыз бен махаббаттарыңыздың арқасында біз ең жоғары жетістіктерге қол жеткізетіндігімізге сенімдімін. Көздеріңіз қуаныш пен бақыттан жарқырап, жұмыстарыңыз бен өмірлеріңізде сәттілік, бейбітшілік, жақсылық, амандық-саулық үстем болсын! Аналарымыздың мерекесі құтты болсын!

Мереке ХАМЗИН,

«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының орынбасары.

ӘЖЕ МЕЙІРІМІНЕ НЕ ЖЕТСІН!



«Адамда жақсы қасиет болмаса, оған бақ та, бақыт та қоймайды», деген сөз бар. Ал, мұндай терең мағыналы сөз ізгілік ұялаған, қадірмен қастерленетін қасиеттері бір басына жетерлік, сабырлы қалпынан таңбайтын, сондай бай мінезімен үлкенді де, кішіні де өзіне сүйсінткен Күлбағила апай сияқты мейірімді жандарға арналып айтылса керек.

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз – Күлбағила Зейнішқызы, ардақы әжеміз 1939 жылы дүниеге келген. Әкеден ерте айырылған ол, өмірдің соқпағына қарсы тұрып, есейіп, еңбекке де ерте араласады. Шешесі Ұлжан Нәзірқызы де өмірде өжет, қайсар мінезді, ізгілік сезімге бай адам болған. Күлбағила әжеміздің үкідей үлбіреген қыз кезінде қол ұстасып, көңіл жарастырған адамы Жартай отағасы да

осал адам болмапты. Ел танып, жұрт білген жан болыпты. Байыпты мінезімен, салмақтап айтатын ақыл-кеңесімен балаларының жүрегінде сол бір жас шағымен ғана есте қалды. Өйткені ол өмірден, өкінішке қарай, ерте озған екен. Иә, өмір ағынында адам баласы өз отбасында өсіп өнеді, өмірді жалғастырады. Олай болса, Күлбағила әжеміз бен отағасы Жартай екеуі өмірге 9 бала әкеледі. Оның үшеуі өмірден өтіп, қазір 6 бала әрқайсысы өз алдына бір-бір отау құрып, бақытты өмір сүруде.

Осыдан 52 жыл бұрын балалар әкесіз, ана панасыз қалса да шаңырақ шайқалмады. Жігерлі ана балаларын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсіріп, жеткізді. Балалары да аналарына қолғанат бола білді. Бәрі бүгінгі таңда өз алдына отау тігіп, өз балаларын өсіріп жатыр. Күлбағила әжеміз де қол қусырып, жай отырған жоқ. Немере-жиендерінің ортасында үлкендеріне көз болып, кішкентайларын бағып-қағуға қолғабыс етуде. Үлкені – Үміті анасының ең жақыны, көмекшісі болса, ұлдары – Жұмағали, Жомарт, Ерғали, Амангелді, Ерік ата-ана өмірінің жалғасы, жақсы адамдардың жанынан табылатын ерекше жандар десек артық емес. Олардан немере - шөбере сүйген жылы жүзді әжеміз өзін «бақытты жанмын» дейді қуанышын жасыра алмай. Әженің аялы алақанында, ақылы мен ақ батасын естіп өскен балалары үшін ана қайталанбас тұлға. Бұл отбасы көпке үлгі болатын жандар – балаларының сабырлы мінезі, іскерлігі, тіпті Жұмағали Жартайұлы сияқты басшы болар білгірліктері мен өзі түгіл өзгеге де қол ұшын берер қайырымдылықтары, әрине, ұяда не көріп, ұшқанда ілгені, әке арманының орындалып, ананың ақ сүтінің ақталғаны. Біздің кейіпкеріміз 5 ұлының бағын ашқан 5 келіні жайлы да сырын аша білді. Келіндері Диляра, Торғын, Лейла, Үміт, Жанна шаңырақтарының шырайын келтіріп отырған отбасының сәулетшілері деуге әбден болады. «Олардың өздері де, жандары да сұлу. Өзіме сырлас құрбымдай», – дейді әжеміз. Әженің ақ батасын алып, біздің түйгеніміз: «Сарқырап аққан өзен жағалауында көк шалғын, мәуелі бау-бақша қалады. Ал, өзендей арындала адам өмірінде де оның ұрпақтары, елі үшін атқарған еңбектері қалып жатса, бәрінен де сол бақыт» деген пікір осы болар. Аяулы ана, ақылшы әже! Балаларыңыз бақытты, ғұмыр жасыңыз ұзақ болсын!

ҰСТАЗ – АНА

Өзінің өмір жолында ұстаздықты қалаған, жүзінен әрқашан да мейірім шуағы тараған аналарымыз қаншама?! Отбасында аяулы ана, ал еңбек ұжымында ардақты ұстаз болып, шәкірттерінің ыстық ықыласына бөленіп жүрген ұстаздарымыздың бірі – қаладағы № 4 орта мектебінің мұғалімі – Жуkenова Қорлан Мұқашқызы.



Бүгінгі таңда атаулы мектепте мектеп директорының оқу ісінің орынбасары, шәкірттеріне қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен дәріс береді. Жалпы ұстаздық жолдағы еңбек өтілі 35 жыл. Бес әдістемелік оқулықтың авторы. Жолдасы Қайрат екеуі отбасында 3 бала тәрбиелеп өсірді. Үлкені Думан мен келіні Сәния өз алдына отбасы. Кейінгі Дастан мен Жасұлан да ата-анасының қолқанаты, әрқайсысының өздерінің алдына қойған мақсат-армандары бар. Ұстаз заман талабына сай еңбек атқарады. Жаңа педагогикалық технологиялармен еңбек атқару - білім берудің белсенді әдістерін қолдануға мүмкіндік береді және сабақтың тиімділігін, сапасын арттыратынын толық сезінген ұстаздың әр сабағы шығармашылық тұрғыда өтеді. Жалпы, біздің кейіпкеріміз - Қорлан Мұқашқызының қазақ қызына тән қарапайымдылығы, сабырлы мінезі өзіне жарасып тұрады. Ол мінезі он саусағынан өнер тамған анасынан тараған қасиет болса керек. Өйткені ол сөз арасында: «Анам шынымен де сабырлы жан еді, айтқан ақыл-кеңестері мен жымыған күлкісі, әдемі келбеті үнемі жанымда сақталып қалды, ол өзінің ағайын-туысына да өте мейірімді болды», дейді тереңнен толғанып. Қ.Ж.Жуkenова жұмыс барысында инновация нәтижелерін енгізу және анықтау бағыттарын терең біледі және осы еңбегінің нәтижелерін көрсетуге, олардың тиімділігін негіздеуге қабілетті. Осы еңбегінің нәтижелері еленіп, бірнеше жоғары марапаттарға да ие болған ұстаздың шәкірттерінің алды 30-35 жасқа жеткен азаматтар. Шәкірттері үнемі хабарласып тұрады. Олар: М.Фильдченко, Ә.Байғазина, Н.Губнова, М.Блаженец. Еңбек жолын алғашқыда ауыл мектебінде бастаған ұстаздың үнемі ізденіс жүріп, әрбір шәкіртінің білімді, талабы жоғары болуына көп көрсетіп отыруы – нағыз ұстазға лайық атқарған еңбегі деп білемін. Аяулы ана, ұлағатты Ұстаз! 8 наурыз Көктем мерекесі құтты болсын!



Кез келген адамның әдептілігі мен жан-дүниесінің сұлулығы ең алдымен балаға ақ сүтін беріп, әлпештеп өсірген ана жүрегіннің жылуынан басталады.

Бала бойындағы ең жақсы қасиеттер де ең алдымен анадан тарайды.

Әлемдегі ең кешірімді, ең мейірімді жан – ана.

Бала дүниеге келген күннен бастап ата-ананың ықпалында болып, өмірге бағыт беруші тәрбие мектебінен нәр алады.



ӨНДІРІСТІК ОҚЫТУ ШЕБЕРІ



Бүгінде білім беру саласында көп нәрсе өзгерді, дегенмен ұстаз – оқушысына үлгі болатын шебер болып қала бермек. Нағыз шебер өз шәкіртіне сенім білдіреді, оларға алға жылжуға мүмкіндік береді, өсіп-жетілуіне ықпал етеді. Ендеше жаңашыл ұстаз, жаңа ұрпақ – бұл білім беру жүйесіндегі бәсекеге қабілетті маман даярлау, білім кеңістігіндегі мәдениет пен өнердің даму негізі. Осындай шебер ұстаздардың бірі – Гүлнар Қайроллақызы. Ол – «Тайынша агробизнес колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2006 жылдан бері өндірістік оқыту шебері болып қызмет етіп келеді.

Шәкірт бойындағы табиғи дарын ұшқындарын сөндіріп алмай, шығармашылық еңбек үстінде оған қанат бітіру, білімге шексіз құштарлық дәнін себу – ұстаз қызметінің тағлымды өлшемі, ізденіс нәтижесі. Ұстаздық дарын үздіксіз ізденіс көрігінде шындалса ғана, мәуелі табыс тезірек тұлғаланбақ, оқушы санасында ұстаз қалдырған із ұзақ сақталмақ.

Сабақтарында Гүлнар Қайроллақызы оқушылардың шығармашылығын арттыра отырып, жаңаша білім беруді көздейді. Білімі мен өнегесін шәкірттеріне арнап, бойындағы бар күш-жігерін шәкірт тәрбиелеуге жұмсайды. Өз сабақтарында оқытудың жаңа тәсілдерін, білім берудің инновациялық және ұжымдық түрлерін пайдаланады. Оқушылардың өзіндік жұмыс жасауына ерекше көңіл аударып, кәсіби шеберлік сайыстарына аса мән беріп, педагогика элементтерін кеңінен қолданады.

Өндірістік оқыту шебері Г.Қ.Асрандинаның жеке оқыту әдістемелік жинағы жарыққа шыққан. Оқушылармен жұмыс кезінде сөйлеу, көрнекілік, практикалық тәсілдерді қолданып, сол арқылы оқушылардың практикалық дағдыларын шыңдап, олардың білімді жақсы меңгеріп, кәсіби шеберлік негіздері қалыптасып, ойлау және шығармашылық мүмкіндіктері дамитынына сенімді.

Адам қажырлы еңбегімен табиғатты өзгертсе, мұғалім жалпы жасампаз еңбегімен жаңа адамды қалыптастырып, дамытып, жетілдіріп өмірге дайындайды. Гүлнар Қайроллақызы заман талабына сай, қоғамға лайықты білімді де, білікті ұстаз десек артық емес. Шәкірттерін тек біліммен қаруландырып қана қоймай, назарын, білгендерін жадында сақтауға, қабілетін, ойлауын ұштауға, дүниеге деген құштарлығын, өмірге деген көзқарасын дұрыс қалыптастырып, ықыласын, сенімін, төзімділігін, іскерлігін, ізденімпаздығын, тағы басқадай танымдық қасиеттерін жетілдіріп, адамгершілігі мол азамат етіп тәрбиелеуді өзінің өмірлік мақсаты, ізгілік мұраты деп санайды. 8 Наурыз құтты болсын!

Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ,
тілші.

АЛҒЫС АРҚАЛАҒАН АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАР

Мамандықтың бәрі жақсы. Десек те, солардың арасында қалың жұртшылық қадірлеп, құрмет тұтатын сыйлы мамандықтар да болады. Солардың бірі – дәрігер. Дәрігердің алдында болып, оның көмегін алмаған адам кемде-кем шығар. Басты байлық – денсаулықтан айырылып, қатты күйзелген пенденің бар сенері де, сүйенері де осы дәрігер. Осындай абыройлы міндетті жете түсінген ұжымның бірі – Тайынша аудандық ауруханасының дәрігерлері.

көркі, мінезі де сай тайыншалық дәрігерлеріміздің бірі, жоғары білікті терапевт дәрігер - Арайлым Қайырбайқызы. Әріптестері оны тек білікті, емі шипалы маман ғана емес, кәсіби, рухани ұстаз тұтады. Жақсыны жақсы қасиеттері үшін құрметтейді. Ондай жақсылар көп жұлдыздар арасында жалғыз жарқырайтын ай сияқты. Біреудің көлеңкесінде көрінбей жүргенше дербес жұлдызша болуға тырысып жүретіні құптарлық. Өз мерейін, өз беделін ортайтпай жүрген, ойы ізгі адамдармен теңесіп,



қатар жүруге қадам жасап жүргені ұнамды. Өмірге сергек қараған, жақсылық атаулыны бойына сіңірген жанның алдында жайнап ертеңі, сенімі тұрады. Сол сенімімен Арайлым Қайырбайқызы ылғи алға қадам жасауда. Ал, анасы Төлен Күшкенқызы болса, ұл-қыз өсіріп, өзінің сабырлы, жайлы мінезімен отбасында аяулы ана, ақылшы әже, ал ел алдында ақ халатты абзал жан, адам жанының арашасы. Анасының бойындағы бар жақсы қасиеттерін бойына мықтап сіңірген қызы мамандық қызметін, қоғамдық жұмыстары мен үй шаруасын да анасынан үйренді. Арайлым үшін анасы – өзінің

өмірлік ұстазы. Арайлым ешқашан жабырқап, шаршап жүрмейді, көңілі қашан да көтеріңкі. Алдына келген емделушілердің айтуынша, жас дәрігерді емделуге тіркелген адамдардың бәріне де жақсы сөзі мен емін жасай білетін психолог маман деуге де болады. Міне, Сүйіндіковтар әулетінен шыққан дәрігерлер осындай жандар. Ақ халатты абзал жандар әлемді шарлаған пандемия жағдайында да адам жанын ажалдан арашалап, халықтың денсаулығы үшін күресіп жүрген білікті мамандар, Сіздерге мың алғыс! 8 Наурыз – Аналар мерекесі құтты болсын!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

АСПАЗ- АСҚАН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ТАЛАП ЕТЕТІН МАМАНДЫҚ

Аспаз деген өте жоғарғы дәрежелі мамандық. Бұл мамандықтың қиындығы сонда, аспаздықты тек қана оқу арқылы игеріп кете алмайсыз, оған адамның бойында осы керемет мамандыққа деген бейім, Алланың берген дарыны болу керек. Аспаз — ас әзірлеумен айналысатын мамандық иесі. Осындай мамандық иесі, аспаздарымыз біздің Тайынша қаласында да бар. Әрқашан тағамдары дәмді, өздерінің де көңілдері көтеріңкі. Әртүрлі отырыстар өткізуде де қаншама адамның алғысына бөленген аспаздарымыз: Ақанова Динара мен Гүлбаршын Рымбекқызы және Мерк Ирина Яковлевна. Сіздердің ебектеріңіз – асқан жауапкершілікті талап етеді. Осынау қиын да қызығы мол еңбектеріңізге сәттілік. Мерекелеріңізбен!



• Сайлау - 2022

АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ



Тайынша аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 45, 113-11 баптарына, сайлау комиссиясының 2022 жылғы 1 наурыздағы шешіміне сәйкес 2022 жылғы 27 ақпанда сайланған Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округінің әкімін тіркеді:

Рыспек Әлібекұлы Күпербаев, 1989 жылы туған, «Тайынша Агро Финанс» кредиттік серіктестігі Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметкері, заңгер, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша қаласында тұратын, «Nur Otan» партиясының мүшесі.

Тайынша аудандық сайлау комиссиясы.

«Тайынша таңы» газетінің редакциясы 2022 жылғы 27 ақпанға белгіленген Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Киров ауылдық округі әкімінің сайлауға қатысуы үшін тіркелген кандидаттарға сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру үшін баспа материалдарына ақы төлеу мөлшері – «Тайынша таңы» газетінде 1 (бір) шаршы сантиметріне – 120 (жүз жиырма) теңге. Баспа материалдарына ақы төлеудің сомасы алдын ала 100 пайыздық ақысын төлей отырып, тиісті сайлау қоры аударуы керек. Алдын ала төлеу редакция берген шот негізінде жүзеге асырылады. Ақы төлеу баспа материалдары үшін орын бөлу туралы тиісті келісімшартта немесе шотта көрсетілген редакцияның банктік реквизиттеріне сәйкес атқарылады.

Тайынша қаласы тұрғындары жергілікті қоғамдастығының жеке жиналыстарын өткізу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына сәйкес, «Жергілікті қоғамдастықтың жеке жиналыстарын өткізудің Үлгілік Қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы №1106 Қаулысымен және «Жергілікті қоғамдастықтың жеке жиналыстарын өткізудің Қағидаларын және Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласы көшелерінің және көп-пәтерлі тұрғылықты үйлер өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы» Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2014 жылғы 21 мамырдағы №187 шешімімен Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласы тұрғындары жергілікті қоғамдастығының жеке жиналыстары келесі күн тәртібімен өткізіледі:

50 лет Октября Шоқан Уәлиханов көшесіне, Пролетар - Абай Құнанбаев, Советский - Кенесары, Коммунистическая - Татулық, Чапаев - Жамбыл Жабаев, Энгельс - Бірлік, Комсомол - Жастар, Карл Маркс - Желтоқсан, Фурманова - Достық, Крупская - Көктем көшесіне және Пугачева бұрылысы - Ынтымақ бұрылысына қайта атау туралы.

Карантиндік шараларды сақтау мақсатында Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласы тұрғындары жергілікті қоғамдастығының жеке жиналысы 2022 жылы 6 сәуірде сағат 11.00-де және 15.00-де ZOOM режимінде өткізіледі. Қосылу үшін сілтеме 5 сәуірде Тайынша қаласы әкімінің ресми интернет ресурсында, сондай-ақ Тайынша қаласы әкімі аппаратының интернет ресурстарында Facebook және Instagram парақшаларында жарияланады.

«ЕҢБЕК АРДАГЕРІ» төсбелгісінің иегері



2014 жылдан бастап пошта қызметіне жаңашылдықтар енгізіліп, қызмет көрсету сапасы артты. Соңғы жылдар ішінде «Қазпошта» акционерлік қоғамының Тайынша аудандық филиалы да біршама жетістіктерге жетті. Поштаның әр қызметкері тұтынушыға сапалы қызмет көрсетуді негізгі міндеті санайды. Бастысы - байланыс жеделдетілді. Тұтынушылар үшін электронды кезек жүйесі енгізілді. Онда азаматтарға қанша уақыт қызмет көрсетілгені белгіленеді. Мұндай жүйе аудандардың пошта бөлімшелерінде де жұмыс істейді. Мамандар қазіргі уақытта ауылдық жерлерде де қызмет көрсетудің аясын кеңейтпек. Қазір пошта бөлімшелерінде темір жол билеттері сатылуда. Болашақта әуе билеттерін де сату жоспарланып отыр. Сондай-ақ, зейнетақыға есепшот ашу үшін Қазпошаның қызметін тегін пайдалануға болады. Ал, осынау жұмыс орнында есепшілер мен экономистердің, әр оператордың еңбегі зор деуге болады. Соңғы 22 жыл көлемінде осы пошта саласында еңбек атқарып келе жатқан пошта қызметкерлерінің бірі – Нығметжанова Құлназия Оразқызы. Жалпы еңбек өтілі 43 жылды құрайтын біздің бүгінгі кейіпкеріміз отбасында аяулы ана, Абулхаир мен Таир атты екі немересі үшін ақылшы әже. Бухгалтер мамандығын өзіне өмірлік серік еткен Құлназия Оразқызы еңбек жолында есепші-бухгалтер мамандығын жете меңгерген маман екенін дәлелдеген жан. Қай еңбек саласында болса да, өзінің өз ісіне деген жауапкершілігі мен адалдығын көрсете білді. Құрметті ана, бүгінгі таңда пошта қызметкері еңбегіңіз жана берсін. 8 Наурыз аналар мен әжелеріміздің мерекесі сізге де қуаныш әкелсін. Мерекенізбен!

Жанаргүл Қожабекова, тілші.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Жақсылықтың нышанындай, жан анаңның жып-жылы құшағындай, саф алтындай тазалығы мен сұлулығын беретін, жайма шуақ сәулелерін төгетін, көңілдерге қуаныш егетін, имандылық пен пәк қыздардың мінезіндей инабаттылық себетін көгілдір көктемнің алғашқы мерекесі, той атаулының қызығы мен берекесі – 8 наурыз келді ортамызға! Осы мерекемен тұспа-тұс аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы Нина Попова ханымның туған күні. Мерейлі мерекемен, туған күнімен құттықтаймыз. Алдағы күндеріне тек қана сәттілік!

«Тайынша таңы» газетінің ұжымы.

Қымбатты ардагер ұстаз – аналар! Құрметті әріптестер!

Ұстаз мамандығын өзіне серік еткен ханымдар! Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймыз. Сіздердің атыңызға айтылатын ақ алғыстар мен жылы сөздер еш уақытта толастама-сын. Көктемнің басымен келетін мерекелік көңіл-күй Сіздердің серектіктеріңіз бен күш-жігерлеріңіздің қуат көзіне айналсын. Сіздерге және отбасыларыңызға мол береке, бақыт, шаттық, мызғымас денсаулық, болашаққа зор сенім, көтеріңкі көңіл-күй тілейміз.

Жылдан жылға табиғаттың тамаша мерзімі – көктемдей құлпырып, жасара беріңіздер!

8 наурыз ер-азаматтардың назарынан тыс қалмайтын мерекелердің бірі. Осы күнді ақ шашты қариядан бастап жас жеткіншектерге дейін асыға күтеді. Бұл күн – отбасы берекесі мен ұйытқысы болып табылатын біздің аналарымыз, әпкелеріміз бен қыздарымызға жарқын көңіл мен жақсылық тілейтін күн. Сіздердің төзімділіктеріңіз бен махаббаттарыңызға алғысымыз шексіз! Мерекелеріңізбен!

Гүлнәр ИГБАЕВА,
аудандық білім бөлімінің басшысы.
Айнұр БЕЙСЕНБАЕВА,
Білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрайымы.



ҚЫМБАТТЫ САНИЯ ОРАЛҚЫЗЫ!

Сізді шұғылалы көктемнің шуақты мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Әйелдер ежелден жер бетіндегі тіршіліктің, сұлулық пен ғажайып құбылыстың символы, шабыт көзі болып табылады.

Сіз де біз үшін, біздің балаларымыз үшін ерекше жансыз, биік тұлғасыз! Сіздің бойыңыздағы әсемдік, төзімділік, өмір жолында кездескен қиындықтарды табандылықпен жеңе білетіңіз, түсіністік және даналығыңызды қатты құрметтейміз. Сізді 8 Наурыз мерекесімен құттықтаймыз! Сізге және отбасы жақындарыңызға мықты денсаулық, шаңырағыңызға тыныштық пен жайлылық тілейміз!!

Ақ тілекпен: Зә сыныбының ата-аналары.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

**Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА**



Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 ұй.

Тапсырыс: 81 Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Астана көшесі, 165-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-36-96

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.